

ӘОЖ 371.044.1

С.М. Нурбекова

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
педагогика және психология факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: zav-salta@mail.ru

Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты басқару мәселесінің тарихы

Мақалада мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты басқару мәселесінің тарихына шолу жасалып, әдістемелік жұмысты басқаруды жаңаша құру мәселесін қолға алу жайлы ой қозғалады. Көптеген зерттеушілердің білім беру жүйесін басқаруда екі нәрсеге айрықша тоқталатыны туралы көрсетіледі. Мектепке дейінгі ұйымды басқару жүйесінде әдістемелік жұмыстың маңыздылығы мектепке дейінгі тәрбие мәселесі бойынша тарихи-әдістемелік, ғылыми-теориялық арнайы зерттеулерге тоқталады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы әдістемелік жұмыстың даму жолына назар аударылып, оның бірнеше кезеңдеріне сипаттама беріледі. Педагогика ғылымында әдістемелік жұмысты басқаруды жетілдірудің тиімді құралы ретінде педагогикалық диагностика қарастырылады. Педагогикалық және әдістемелік еңбектерге шолу жасау барысында педагогикалық диагностика негізінде басқарудың тиімді әдістері мәселелері анықталады. Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты басқаруда әдістемелік жұмысты диагностикалауда басқарудағы мақсаттар негізінде әрекет көрсетіледі. Тәрбиешілердің білім беру мен тәрбиелеудегі табысты нәтижелерін анықтау; тәрбиешілердің білім беру мен тәрбиелеу барысында жіберген кемшіліктерді анықтау; білім беру мен тәрбиелеу нәтижелерінің қойылған мақсаттарға сәйкес келмейтінін айқындаған жағдайда түзету жұмыстарын жүргізу; білім беру мен тәрбиелеу үдерісінің келесі кезеңдерін жоспарлау; тәрбиешілерді жұмыстағы табыстары үшін мадақтау көмегімен қызығушылығын тудырып, келесі қадамдардың күрделілігін реттеу; білім беру мен тәрбиелеу шарттарын жақсарту жолдары. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмысты педагогикалық диагностика негізінде басқару педагогикалық үдерісті тәрбиешілер мен тәрбиеленуші балалардың ерекшеліктері мен әр педагогтің дамуына тұлғалық бағытталу тәсілін қолдануға, оның әдістемелік көмек қажет ететін тұстарын ұғынуға, педагогтің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, оны жеке іс-әрекет түрінде бекітуге нақты тәсілдер белгілеуге мүмкіндік беретіндігіне көңіл бөлінеді. **Түйін сөздер:** диагностика, әдістемелік жұмыс, шығармашылық, кәсіби құзіреттілік, педагогикалық жүйе, инновациялық технологиялар, басқаруды жетілдіру, педагогикалық диагностика, әдістемелік құралдар, тиімді әдістер.

S.M. Nurbekova

History of management of methodical work in pre-school institution

The article gives a brief historical review of problems of management of the methodological work in the preschool institution; the question is raised of the modernization of the management system of the methodological work in the field of education. I consider two approaches of many researchers to the problem of managing the educational system. The author analyzes the historical-methodical and scientific-theoretical studies, which reveal the value of the methodological work in pre-school institutions, pre-school education. Paying attention to the development of the methodological work of pre-school institutions, the author gives characteristically several stages of management of the methodological work in the preschool institution.

In the opinion of the author of the article, in the management of the methodological work effective means is the pedagogical diagnostics. In the review of pedagogical and methodical works proves the idea of

allocation of pedagogical diagnostics as an effective method of control. In the management activities of pre-school educational institutions diagnostics of the methodological work is based on the objectives of the action: identification of learning outcomes and воспитаниия identify gaps in training and education, etc. At revealing of the results of the training and education of preschool children, do not conform to the objectives it is planned to conduct remedial works, planning of further ways of the organization of training and education, and more.

In the process of management of the methodological work of pre-school educational institution on the basis of pedagogical diagnostics, it was established that in the pedagogical process educators should use the individual-oriented methods, as they allow you to reach in a very short time the planned objectives of training and education of preschool children. Innovative methods in the organization of classes in pre-school institution will help in creating a strong methodological system of pre-school institutions; facilitate the process of managing it. However, requires new methods of pedagogical diagnostics of the educational process of pre-school institutions, to monitor the results in the methodical work of teachers and the results of the development of preschool children.

Key words: Diagnostics, methodical work, creativity, professional competence, pedagogical system, innovative technologies, improvement of the management, pedagogical diagnostics, effective methods.

С.М. Нурбекова

История управления методической работой в дошкольном учреждении

В статье дается краткий исторический обзор проблемы управления методической работой в дошкольном учреждении, поднимается вопрос о модернизации управления системой методической работы в данной области образования. Рассматриваются два подхода многих исследователей к проблеме управления образовательной системой. Автор останавливается на историко-методических и научно-теоретических исследованиях, раскрывающих значение методической работы в дошкольных учреждениях, дошкольного воспитания. Обращая внимание на пути развития методической работы дошкольного учреждения, автор дает характеристику нескольким этапам управления методической работой в дошкольном учреждении.

По мнению автора статьи, в управлении методической работой эффективным средством является педагогическая диагностика. В проведенном обзоре педагогических и методических трудов обосновывается идея выделения педагогической диагностики в качестве эффективного метода управления. В управленческой деятельности дошкольного образовательного учреждения диагностика методической работы основывается на целях действий: выявление результатов обучения и воспитания, выявление недостатков в обучении и воспитании и т.д. При выявлении результатов обучения и воспитания дошкольников, не соответствующих целям, планируется проведение коррекционных работ, дальнейших способов организации обучения и воспитания и другое.

В процессе управления методической работой дошкольного образовательного учреждения на основе педагогической диагностики было установлено, что в педагогическом процессе воспитатели должны применять личностно-ориентированные методы, так как именно они позволяют достигать в кратчайшее время запланированных целей обучения и воспитания дошкольников. Инновационные методы в организации занятий в дошкольном учреждении помогут в создании крепкой методической системы дошкольного учреждения, облегчат процесс управления ею. Вместе с тем необходимы новые методы педагогической диагностики образовательного процесса дошкольного учреждения, позволяющие отслеживать результаты в методической работе воспитателей и результаты развития дошкольников. Статья состоит из введения, основной части и заключения. В основной части раскрывается понятие «педагогическая диагностика» в качестве основного инструмента управления методической работой дошкольного учреждения.

Ключевые слова: Диагностирование, методическая работа, творчество, профессиональная компетентность, педагогическая система, инновационные технологии, усовершенствование управления, педагогическая диагностика, эффективные методы.

Кіріспе

Қазіргі таңда кез келген салада жүргізілетін жұмысты диагностикалау қолға алынауда. Соның бірі мектепке дейінгі ұйымдағы жұмысты ұйымдастыру мәселесі болып отыр. Кез келген басқару ісі ұйымдағы тәртіпті реттеуге, оның қызметін дұрыс ұйымдастыруды қадағалауға, сол арқылы оның тиімділігін арттыруға арналатыны белгілі. Сондықтан педагогикалық диагностиканың маңызы жоғары.

Алайда бүгінгі таңда педагогикалық менеджмент теориясы бойынша Ресей ғалымдары: В.П. Симонов, Т.С. Комарова, К.Ю. Белая, А.И. Васильева жазған еңбектерді қарастырсақ бұл мәселенің әлі де өз деңгейінде шешілмей отырғандығын байқаймыз. Әдіскер ғалымдарымыз жұмыстың өзін әртүрлі тұрғыдан қарастырып, түрліше анықтамалар береді. Мәселен, А.И. Васильева [1]: «Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс – бұл тәрбиешілердің балалармен жұмыс істеуінің әдіс-тәсілдеріне іс жүзінде үйренетін, ғылыми-теориялық және әдістемелік біліктілігін көтеретін кешенді және шығармашылық үдеріс» – десе, Т.С. Комарова [2]: «Әдістемелік жұмыс – бұл көп өлшемді полифункционалды феномен, яғни мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық үдерісті, педагогикалық ұжымның іс-әрекетін басқарудың құралы болып табылады», – дейді.

Дегенмен бұл білім беру жүйесіндегі басқару секілді күрделі мәселені жүйелі тұрғыдан қарастыру ғана жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігі түсінікті.

Көптеген зерттеушілер білім беру жүйесін басқаруда екі нәрсеге айрықша тоқталады. Бұл – басқару субъекті мен басқару нысаны. Мектепке дейінгі ұйымда басқару субъекті ретінде меңгеруші, ал басқару нысаны ретінде балабақшадағы үдерістер алынады. Біздің жағдайымызда субъект ретінде әдіскер, ал басты нысанға әдістемелік жұмыс алынып отыр.

МДҰ әдістемелік жұмысты басқару әдіскерге жүктеледі. Оның лауазымдық міндеттері «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген.

Балабақша әдіскері ұжымдағы педагог мамандардың шығармашылығын дамыта алатын,

жаңаша бастамаларын қолдап, ынталандыратын, тәрбие мен білім беру мәселелерін шешудің тиімді жолдарын табатын, тәрбиешілердің жеке қабілеттерін, мүмкіндіктерін, кәсіби күзінеттіліктерін ескере отырып жұмысты ұйымдастыру әдістері мен тәсілін меңгерген маман болуы керек.

Мектепке дейінгі ұйымды басқару жүйесінде әдістемелік жұмыстың маңызы жоғары. Сондықтан да мектепке дейінгі тәрбие мәселесі бойынша тарихи-әдістемелік, ғылыми-теориялық арнайы зерттеулер жүргізген В. Андросова, Р.К. Аралбаева, Б.О. Арзанбаева, А.С. Әмірова, Б.Б. Баймұратова, С.Ф. Бәтібаева, Ф.Н. Жұмабекова, С.Н. Жиенбаева, Ғ.З. Таубаева, Қ.М. Меңдаяқова, Г.Ж. Меңлібекова, Т.И. Иманбеков, Т.А. Левченко, А.Е. Манкеш, А.К. Меңжанова, Г.М. Метербаева, М.С. Сәтімбекова, М.Т. Тұрыскелдина секілді отандық ғалымдар бұл мәселеге баса көңіл бөлген.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы әдістемелік жұмыстың даму жолына назар аударсақ, оның бірнеше кезеңдерден өткенін байқауға болады. Мәселен, С.Ф. Бәтібаеваның [3] «Қазақстанда қазақ балабақшаларының даму тарихы» еңбегінде тәрбиеші мамандығының даму тарихы, тәрбиешінің қызметі мен міндеттері, тәрбиеші жұмысының ерекшеліктері, оның шығармашылық сипаты сараланған. Сонымен қатар автор мектепке дейінгі ұйымдарда мамандар дайындау мазмұнын жаңарту мәселесін де талдай келіп, тәрбиешілердің білімін арттыру жүйесі, республикалық, облыстық, қалалық, аудандық курстар, семинарлар, әдіскерлер бірлестігінің жұмыстары туралы да қамтыған. Осы еңбектің біздің зерттеуімізге тірек болатын пікірлері ретінде тәрбиешінің қызметі мен міндеттері туралы талдауына сүйенеміз.

Ф.Н. Жұмабекованың [4] «Мектепке дейінгі кезеңде білім беру мазмұнын жаңартудың әдіснамалық негіздері» атты еңбегінде мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудың ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалып, оның әлемдік тәжірибедегі мәні мен маңызына жан-жақты талдау жасалған. Еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдардағы білім мазмұнын жаңартудың тұжырымдамасы, моделі жасалып, негізгі бағыттары нақты көрсетілген. Білім мазмұнын жаңартуда бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыру логикалық-психологиялық проблема тұрғысынан қарастырылып, білім

мазмұнын жаңартуда инновациялық технологияларды пайдалану, тәрбиешінің кәсіби күзiреттiлiгiн жетiлдiру, шығармашылығын дамыту жолдары қамтылып, педагогикалық жүйесi жасалған. Бiрақ әдiстемелiк жұмысты диагностикалау мәселесi айқындалмаған.

Педагогикалық диагностика түсiнiгi

Қазiргi заманғы мектепке дейiнгi бiлiм беру жүйесi мектепке дейiнгi тәрбие мен оқыту ұйымдарының алуан түрлiлiгiмен, оларда инновациялық және эксперименталдық iс-әрекеттердiң кең таралуымен және түрлi педагогикалық технологиялардың қолданылуымен сипатталады. Олай болса, мектепке дейiнгi ұйымдағы әдiстемелiк жұмысты басқаруды жаңаша құру мәселесiн қолға алудың керектiгi туындайды.

Педагогика ғылымында әдiстемелiк жұмысты басқаруды жетiлдiрудiң тиiмдi құралы ретiнде педагогикалық диагностика қарастырылады. Мысалы, педагогикалық диагностикалауды ұйымдастыру мәселесiне келгенде мына ғалымдардың еңбектерiне баса көңiл аударуға тура келедi: К. Ингенкамптың «Педагогикалық диагностика», Б.С. Гершунский «Педагогикалық диагностика: әдiстеме, теория және практика», Б.П. Битинас, Л.И. Катаева «Педагогикалық диагностика: болмысы, қызметi, болашағы», Н.Г. Голубев «Тәрбие үдерiсiн болжау және диагностикалау», Н.Е. Щуркова «Тәрбиелiлiк диагностикасы: педагогикалық әдiстемелер», В.Г. Максимов «Мектептегi педагогикалық диагностика», Н.К. Голубев «Тәрбиелеу диагностикасына кiрiспе» және т.б. Бұл еңбектерде диагностикалау нысаны ретiнде жалпы бiлiм беретiн мектептердегi оқу-тәрбие үдерiсi алынғандықтан, мектепке дейiнгi ұйымдағы әдiстемелiк жұмыс мәселелерi қамтылмаған.

Педагогикалық диагностиканың теориялық негiздерi туралы мәселе қозғағанда, I.P. Халитованың [5] «Педагогикалық диагностика» атты оқу құралын атап өтуге болады. Бұл еңбекте автор мектеп басқаруды диагностикалаудың мақсаттары мен мiндеттерiн айқындап, оқушыларды диагностикалауды ұйымдастырудың әдiстемесiн көрсетедi.

Мектепке дейiнгi мекемедегi әдiстемелiк жұмысты диагностика негiзiнде басқаруды жетiлдiрудiң бiр жолы ретiнде өз моделiн ұсынған еңбек ретiнде А. Морозованың [6]

«Мектепке дейiнгi ұйымдарда әдiстемелiк жұмысты педагогикалық диагностика негiзiнде басқару» атты зерттеуiн атауға болады.

Сонымен, педагогикалық және әдiстемелiк еңбектерге шолу жасау барысында мына мәселелер байқалды:

1. Мектепке дейiнгi ұйымдарда әдiстемелiк жұмысты педагогикалық диагностика негiзiнде басқаруды түбегейлi зерттеу барысында даярланған әдiстемелiк құралдар жоқ.

2. Елiмiзде ана тiлiнде жұмыс iстейтiн балабақшаларда әдiстемелiк жұмысты педагогикалық диагностика негiзiнде басқарудың тиiмдi әдiстерi нақтылануы қажет.

Қазақстан Республикасының мемлекеттiк жалпыға мiндеттi бiлiм беру стандартында (ҚР МЖМБС 1.001-2009) [7] ерте және мектеп жасына дейiнгi балалармен жұмыс iстейтiн педагогтарға қойылатын талаптарда педагогтар педагогикалық процестi диагностика нәтижелерi негiзiнде құруға тиiс екендiгi атап көрсетiлген.

Қорытынды

Осы айтылғандардың барлығын ескере отырып, әдiстемелiк жұмысты диагностика негiзiнде басқаруда төмендегi мақсаттар бойынша әрекет етiлу керек:

- тәрбиешiлердiң бiлiм беру мен тәрбиелеудегi табысты нәтижелерiн анықтау;
- тәрбиешiлердiң бiлiм беру мен тәрбиелеу барысында жiберген кемшiлiктердi анықтау;
- бiлiм беру мен тәрбиелеу нәтижелерiнiң қойылған мақсаттарға сәйкес келмейтiнiн айқындаған жағдайда түзету жұмыстарын жүргiзу;
- бiлiм беру мен тәрбиелеу үдерiсiнiң келесi кезеңдерiн жоспарлау;
- тәрбиешiлердi жұмыстағы табыстары үшiн мадақтау көмегiмен қызығушылығын тудырып, келесi қадамдардың күрделiлiгiн реттеу;
- бiлiм беру мен тәрбиелеу шарттарын жақсарту.

Мектепке дейiнгi ұйымдағы әдiстемелiк жұмысты педагогикалық диагностика негiзiнде басқару педагогикалық үдерiстi тәрбиешiлер мен тәрбиеленушi балалардың ерекшелiктерiн бiле отырып оңтайландыруға, әр педагогтiң дамуына тұлғалық бағытталу тәсiлiн қолдануға, оның әдiстемелiк көмек қажет ететiн тұстарын ұғынуға, педагогтiң күштi және әлсiз жақтарын

анықтауға, оны жеке іс-әрекет түрінде бекітуге нақты тәсілдер белгілеуге мүмкіндік береді.

Сондықтан да мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты диагностика негізінде басқарудың тиімді әдістері нақтыланып,

педагогикалық шарттарының тиімділігі тәжірибелік-эксперимент арқылы тексеріліп, осының негізінде әдістемелік көмекші құралдар дайындауды қарастыруды қолға алу-дамыз.

Әдебиеттер

- 1 Васильева А.И., Бахтурина Л.А., Кобитина И.И. “Балабақшаның аға тәрбиешісі”. – М.: Просвещение, 1990.
- 2 Веракса Н.Е., Комарова Т.С., Васильева М.А. Туылғаннан мектепке дейін. – Алматы, 2010.
- 3 Бәтібаева С.Ғ. Қазақстанда қазақ балабақшаларының даму тарихы, 2009.
- 4 Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі кезеңде білім беру мазмұнын жаңартудың әдіснамалық негіздері. – Алматы, 2010.
- 5 Халитова І.Р. Педагогикалық диагностика. – Алматы, 2011.
- 6 Морозова А. Мектепке дейінгі ұйымдарда әдістемелік жұмысты педагогикалық диагностика негізінде басқару. – М., 2000.
- 7 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (ҚР МЖМБС 1.001-2009).

Reference

- 1 Vasilieva A.I., Bahturina L.A., Kobitina I.I. The senior tutor of a kindergarten. – M.: Enlightenment, 1990.
- 2 Veraksa N.E., Komarova T.S., Vasilieva M.A. From birth to school. – Almaty, 2010.
- 3 Batibayeva S.G. History of the development of the Kazakh kindergarten in Kazakhstan, 2009.
- 4 Zhumabekova F.N. Methodological bases of the pre-school educational contents. – Almaty, 2010.
- 5 Khalitova I.R. Pedagogical diagnosis. – Almaty, 2011.
- 6 Morozova A. Management of methodical work in pre-school institutions on the basis of the pedagogical diagnostics. – M., 2000.
- 7 State educational standards of the Republic of Kazakhstan (The state educational standards 1.001-2009).